

**Ұлытау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 19 "Ұлытау ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 11 қыркүйектегі XXII сессиясының № 186 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 7 қазанда № 2792 болып тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 маусымдағы № 132 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 28.06.2024 № 132 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына сәйкес, Ұлытау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ұлытау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 19 "Ұлытау ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу ережесін бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-16-81 болып тіркелген, 2012 жылғы 9 мамырдағы № 18 (5838) "Ұлытау өңірі" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген ереженің 18-тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"18. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысымен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесінің 4-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады."

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Ұ. Қожасова

Аудандық мәслихаттың  
хатшысы

Т. Сейтжанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК